# 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 262, 263, 264, 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297 , 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310,310-1-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
262-қосымша

ЕСКЕРТУ. 262-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 262-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 06 карашадағы N 150 к қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 262-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 150ас қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**001** "Әкімшілік шығындар"

республикалық бюджеттік бағдарламасының

2003 жылға арналған

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 7711890 мың теңге (жеті миллиард жеті жүз он бір миллион сегіз жүз тоқсан мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30-баптары , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі

туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 , "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулылары , "Жамбыл облысындағы жер сілкінісінің салдарларын жою және әлеуметтік маңызды объектілерді қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 793 қаулысы . <*>

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін оларға жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппараттары мен аумақтық бөлімшелерін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 001 001 Орталық Қазақстан Респуб. Бір Қазақстан

органның ликасы Қаржы мини. жылдың Республика.

аппараты стрлігінің орталық ішінде сының Қаржы

аппаратын 1050 министрлігі

бірлік штат саны

лимиті шегінде

ұстау

2 001 002 Аумақтық Қазақстан Респуб. Бір Қазақстан

органдардың ликасы Қаржы мини. жылдың Республика.

аппараты стрлігінің аумақ. ішінде сының Қаржы

тық бөлімшелерін министрлігі

16148 бірлік штат

саны лимиті

шегінде ұстау.

Тұрар Рысқұлов

ауданы Құлан ауы-

лының қазынашылық
бөлімі ғимаратының
сейсмологиялық тө-
зімділігін күшейтуді
жүргізу. <*>
-------------------------------------------------------------
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктеген функцияларды сапалы және уақытылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
263-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 26 925 мың теңге (жиырма алты миллион тоғыз жүз жиырма бес мың теңге ).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы , " Шетел валютасындағы іссапарлар шығыстарын өтеудің нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 967 қаулысы , "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес теориялық және практикалық білімін, кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша шеберлігі мен дағдысын жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
-------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны іске !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.! асыру жөніндегі !асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! іс-шаралар !мерзі.!
!коды! ! атауы ! !мдері !
------------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------
1 010 005 Кадрлардың 1. Бекітілген Жылдың Қазақстан
біліктілігін біліктілікті арт. ішінде Республика.
арттыру және тыру жоспарына сының Қаржы
оларды қайта сәйкес мемлекеттік министрлігі
даярлау. қызметшілердің
Мемлекеттік біліктілігін арт.
қызметшілердің тыру бойынша қызмет
біліктілігін көрсетулер сатып
арттыру алу. 5385 білік.
тілікті арттыру
курстарынан өтіп
жатқан мемлекеттік
қызметшілердің орта
жылдық саны.
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі заманғы экономикалық талаптарға және мемлекеттің ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметшілерді сапалы оқытудың қатаң жүйесін қалыптастыру және дамыту жолымен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 бұйрығына
263-1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 263-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**032 "Қазақстанның Инвестициялық Қорын құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**2003 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 23 000 000 мың теңге (жиырма үш миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңы , "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 501 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" акционерлік қоғамын құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны іске | Іске | Жауапты

|ламаның|бағ. |малардың | асыру жөніндегі |асыру |орындаушылар

| коды |дар. | (кіші | іс-шаралар | мер. |

| |лама.|бағдарла.| |зімдері

| |ның |малардың)| | |

| |коды | атауы | | |

-------------------------------------------------------------------

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

-------------------------------------------------------------------

1 032 Қазақ. Заңнамада белгіленген 2003 Қазақстан

станның тәртіпте "Қазақстанның жыл Республика.

Инвести. Инвестициялық Қоры" ішінде сының Қаржы

циялық акционерлік қоғамы министрлігі

Қорын құрылғаннан кейін оның

құру жарғылық капиталында

қалыптастыру.

-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Қазақстанның Инвестициялық Қоры" акционерлік қоғамын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

264-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**035 "Телекоммуникациялық қызмет көрсетулерге ақы төлеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 231 736 мың теңге (екі жүз отыз бір миллион жеті жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 237-I Заңының 29 және 30-баптары , "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 мамырдағы N 626 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазынашылық комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері республикалық бюджеттің орындалуын телекоммуникациялық қамтамасыз ету және жергілікті бюджеттерге есеп-кассалық қызмет көрсету, министрлік пен оның аумақтық бөлімшелерінің ақпараттық жүйелерін телекоммуникациялық қамтамасыз ету, Қаржы министрлігін ақпараттық ресурстарға қашықтатылған реттемеленген және көпшілік қол жеткізуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: банкаралық ақша аударым жүйесі және біржолғы төлемдер жүйесі бойынша төлем жүйелеріне телекоммуникациялық қызмет көрсетуді, байланыстың барлық түрлері бойынша деректер беру, электрондық почта, Интернет жүйесі телекоммуникациялық қызмет көрсетулерді сапалы және уақытылы алу, министрліктің аумақтық бөлімшелеріне телекоммуникациялық жабдықтар сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны іске !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.! асыру жөніндегі !асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! іс-шаралар !мерзі.!

!коды! ! атауы ! !мдері !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 035 Телекоммуника. Банкаралық ақша Жыл Қазақстан

циялық қызмет аударым жүйесі ішінде Республика.

көрсетулерге және біржолғы сының Қаржы

ақы төлеу төлемдер жүйесі министрлігі
бойынша төлем (бұдан әрі -
жүйелеріне телеком. ҚР ҚМ)
муникациялық қызмет
көрсетулерді алу
және ақы төлеу.
ҚР Ұлттық Банкімен Жыл ҚР ҚМ
ақпарат алмасу ішінде
үшін ФАСТИ
электрондық почта.
сының қызмет
көрсетулерін алу
және ақы төлеу
Байланыстың жыл. Жыл ҚР ҚМ
дамдықты арнасы ішінде
және байланыстың
басқа да түрлері
бойынша телекомму.
никациялық қызмет
көрсетулерін алу
және ақы төлеу,
(9.04.2001 жылғы
N 197-39-Д3/43
және оған
қосымшалар) шартқа
сәйкес жабдықтарға
ақы төлеу (2001-
2004 жылдар)
ҚР Қаржы министр. Жыл ҚР ҚМ
лігінің жүйесі ішінде
үшін саны 100
пайдаланушыға
Интернет пен VPDN
желіге қосу
жөніндегі қызмет
көрсетулерді алу
және ақы төлеу
Электрондық құжат I тоқсан ҚР ҚМ
айналымының

корпоративтік
жүйесін қамтамасыз
ету жөніндегі
қызмет
көрсетулерді алу
және ақы төлеу
Министрліктер ІІІ ҚР ҚМ
үйінде қосымша тоқсан
жұмыс орындарын
орнатуды ұйымдас.
тыру жөніндегі
қызмет көрсетулерді
және ақы төлеу
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазынашылық жүйесінде деректер беруді, ФАСТИ және ведомство ішінде электрондық құжаттар алмасуды сапалы қамтамасыз ету; министрлікті ақпараттық ресурстарға қашықтатылған реттемеленген және көпшілік қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
265-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**036 "Жекешелендіру, меммүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, оған және несиелендіруге қатысты дауларды реттеу, несиелер мен мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау есебіне алынған не өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 500 000 мың теңге (бес жүз миллион) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығы (2, 14, 17-баптар ); "Ұлттық қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңы ( 18-бап ); "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңы ( 6-бап ); "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі

N 930 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті туралы ереже; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасы; "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысы ; "Мемлекеттік меншік объектілерінің, сондай-ақ меншігінде мемлекеттің үлесі бар объектілердің жұмыс істеуіне және оларды басқарудың тиімділігіне кешенді мониторинг жүйесін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі N 998 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдарды басқару тиімділігінің мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 мамырдағы қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік меншікті басқару тиімділігі мен жекешелендіруді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жекешелендірудің барлық құралдарын пайдалана отырып жекешелендіру объектілерін оның ішінде брокерлерді тарту жолымен бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында сатуды жүзеге асыру; республикалық мемлекеттік меншіктің, мемлекеттің меншік үлесі бар кәсіпорындардың және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған экономиканың стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген ұйымдар меншігінің активтерін басқару тиімділігінің мониторингі; несиелер мен мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау есебіне алынған не өндіріп алынған мүлік есепке алу және сақтау; сотқа дейінгі тәртіпте, сондай-ақ заңдық кеңесшілерді тартумен жекешелендірумен, мемлекеттік меншікті басқару және жекешелендіруден кейінгі қызметпен байланысты дауларды шешу кезінде және халықаралық төрелік органдарда мемлекет мүдделерін қорғау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !

----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

1 036 Жекешелендіру, 67 акционерлік Жыл Қазақстан
меммүлікті қоғамның және 600 ішінде Республика.
басқару, әлеуметтік сала сының Қаржы
жекешелендіру. мен жылжымайтын министрлігі
ден кейінгі мүлік объектісі Мемлекеттік
қызмет, оған құнын бағалауды; мүлік және
және несиелен. активтерді басқару жекешелендіру
діруге қатысты тиімділігінің комитеті
дауларды мониторингі және
реттеу, республикалық
несиелер мен мемлекеттік меншік
мемлекеттік пен мемлекеттің
кепілдік меншік үлесі бар
бойынша мін. кәсіпорындар,
деттемелерді сондай-ақ экономи.
орындау каның стратегиялық
есебіне салаларындағы жеке.
алынған не шелендірілген
өндіріп ұйымдардың 169
алынған объектілері бойынша
мүлікті есепке келісім-шарттық
алу, сақтау міндеттемелердің
орындалуын тексеруді;
қор биржасында 10
акцияларының
мемлекеттік пакетін
сатуды;
мониторингтің 169
объектісі, оны
сүйемелдеу мен
толықтыру бойынша
деректер қорын құру
жөніндегі жұмыс.
тарды; несиелер
мен мемлекеттік
кепілдік бойынша
міндеттемелерді
орындау есебіне
алынған не өндіріп

алынған мүлікті
есепке алу және
сақтау жөніндегі
жұмыстарды
жүргізуге арналған
қызмет көрсетулерді
сатып алу.
2 Жекешелендірумен, Жыл Қазақстан
мемлекеттік ішінде Республика.
мүлікті басқарумен сының Қаржы
және жекешеленді. министрлігі
руден кейінгі Мемлекеттік
қызметті басқарумен мүлік және
байланысты дауларды жекешелендіру
реттеу комитеті
3 "АЭС" және "Уорлд Жыл Қазақстан
Уайд Минералз" ішінде Республикасы.
компанияларымен ның Қаржы
сот талқылауларын. министрлігі
дағы шетелдік Мемлекеттік
заңдық кеңесшілер. мүлік және
дің жұмысын жекешелендіру
үйлестіру комитеті
4 Республикалық Жыл Қазақстан
меншіктің 667 ішінде Республикасы.
объектісі бойынша ның Қаржы
сауда-саттық министрлігі
туралы ақпараттық Мемлекеттік
хабарламалардың мүлік және
жарияланымдары жекешелендіру
комитеті
5 Жылжымайтын мүлік Жыл Қазақстан
пен мүліктік ішінде Республика.
кешеннің 300 сының Қаржы
объектісі жер министрлігі
учаскелерінің Мемлекеттік
бағаламасы мүлік және
жекешелендіру
комитеті

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық бюджетке республикалық меншік объектілерін жекешелендіруден жоспарланған мөлшерде ақшаның, республикалық меншік объектілері болып табылатын акциялар пакеттеріне дивидендтердің, және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың пайда үлесінің түсуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

266-қосымша

ЕСКЕРТУ. 266-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 150ас қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**037 "Қаржы органдарын нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 18 590 мың теңге (он сегіз миллион бес жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 8-бабы , "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 362-II Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 және "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қаржы министрлігі қызметкерлерінің кәсіптілігі мен құқық мәдениетінің деңгейін арттыру, қаржы жүйесі органдарын жұмыс істеу үшін қажетті нормативтік құқықтық актілермен, әдебиеттермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қажетті нормативтік-құқықтық және басқа әдебиетпен қамтамасыз ету; нормативтік құқықтық актілерді және қызметтік сипаттағы өзге баспа өнімдерін басу; бұқаралық ақпарат құралдарында ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді басу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар
!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!
!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !
-------------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
1 037 Қаржы Нормативтік- Бір Қазақстан
органдарын құқықтық актілер жылдың Республика.
нормативтік мен басқа әдебиет. ішінде сының Қаржы
құқықтық терді сатып алу: министрлігі
актілермен 1. Нормативтік
қамтамасыз ету құқықтық актілер
мен қызметтік
сипаттағы өзге
баспа өнімдерін
сатып алу
(таралымы шамамен
50,0 мың дана).
2. Мерзімді
басылымдарды сатып
алу (министрліктің
орталық аппараты
мен аумақтық
бөлімшелері үшін
шамамен 20
басылымдарға
жазылу).
Ведомстволық
нормативтік
құқықтық актілерді
басу. <*>
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру; қаржы жүйесі органдарын нормативтік құқықтық актілермен, өзге әдебиеттермен, баспа өнімдерімен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

267-қосымша
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**039 "Қарағандыкөміршахтасы" жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуы" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 104 000 мың теңге (жүз төрт миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 шілдедегі қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Қарағандыкөміршахтасы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамның (бұдан әрі - "Қарағандыкөміршахтасы" ЖҮАҚ) бұрынғы қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қарағандыкөміршахтасы" ЖҮАҚ жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі берешектерді өтеу бойынша міндеттемелердің орындалуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны іске !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.! асыру жөніндегі !асыру !орындаушылар
!лама!коды!дарламалардың)! іс-шаралар !мерзі.!
!коды! ! атауы ! !мдері !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 039 "Қарағанды. "Қарағандыкөмір. 2003 Қазақстан
көміршахтасы" шахтасы" ЖҮАҚ жылдың Республика.
жойылған бұрынғы шахталар ішінде сының Қаржы
шахталар қыз. қызметкерлерінің министрлігі
меткерлерінің 2003 жылғы 1
денсаулығына қаңтардағы жағдай
келтірілген бойынша жалпы саны
зиянды өтеу - 1240 адамның

жөніндегі мін. денсаулығына
деттемелердің келтірілген зиянды
орындалуы өтеу жөніндегі
сома төлемі
---------------------------------------------------------------
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: кері талап бойынша берешектерді өтеу мақсатында сот бекіткен кредиттер тізіліміне сәйкес " Қарағандыкөміршахтасы" ЖҮАҚ қызметкерлерінің 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы саны - 1240 адамның алдындағы міндеттемелерді өтеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
268-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның атауы

**040 "N 5 кенбасқармасы" таратылған мемлекеттік кәсіпорын**
**қызметкерлеріне жалақы бойынша берешекті төлеу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 136 304 мың теңге (жүз отыз алты миллион үш жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "N 3 кеніш басқармасы", "N 4 кеніш басқармасы" және "N 5 кеніш басқармасы" кәсіпорындары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қыркүйектегі N 1349 қаулысы , " Банкроттық туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67-1 Заңы ( 2-бап , 78-бап ).

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Солтүстік Қазақстан облысының "N 5 кенбасқармасы" таратылған мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлеріне жалақы бойынша берешек төлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: N 1349 қаулыны іске асыру мақсатында "N 5 кенбасқармасы" мемлекеттік кәсіпорнының жалақы бойынша берешектерін өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
---------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !атқарушылар
!лама!коды! дарламаның) ! асыру жөніндегі !мерзі.!
!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мдері !

------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

------------------------------------------------------------------

1 040 "N 5 кенбас. "N 5 кенбасқар. 2003 Қазақстан
қармасы" масы" мемлекеттік жылдың Республика.
таратылған кәсіпорнының ішінде сының Қаржы
мемлекеттік жалақы бойынша министрлігі
кәсіпорын қыз. берешектерін өтеу
меткерлеріне
жалақы бойынша
берешекті
төлеу

------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "N 5 кенбасқармасы" қызметкерлеріне жалақы бойынша берешекті төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
269-қосымша

ЕСКЕРТУ. 269-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**042 "Үкіметтік борышқа қызмет көрсету"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 37815364 мың теңге (отыз жеті миллиард сегіз жүз он бес миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы N 464-I Заңының 11-бабы ; "Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 маусымдағы N 874 қаулысы ; "Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 88 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу

(мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының үкіметтік борышына қызмет көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Үкіметтік қарыздар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу; үкіметтік қарыздарды тартудың комиссиондық сыйақыларын төлеу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ функциясының орындалуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 042 Үкіметтік 2003 Қазақстан

борышқа қызмет жылдың Республика.

көрсету ішінде сының Қаржы

министрлігі

Үкіметтік 1. Үкіметтік

қарыздар қарыздар бойынша

бойынша сыйақыларын

сыйақыларын (мүдделерді) төлеу

(мүдделерді)

төлеу

үкіметтік 2. Үкіметтік

қарыздарды қарыздарды тартудың

тартудың комиссиондық

комиссиондық сыйақыларын төлеу.

сыйақыларын

төлеу.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасымен үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелердің орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
270-қосымша

ЕСКЕРТУ. 270-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**046 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға арналған резерві" ақпараттық жүйесін сүйемелдеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 9428000 мың теңге (тоғыз миллиард төрт жүз жиырма сегіз миллион теңге) . <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйе туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Заңының 13-бабы , Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 362-II Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жою.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жою бойынша іс-шаралар жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
-------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар
!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!
!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !
-------------------------------------------------------------
```

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

1 046 Қазақстан Қазақстан Респуб. 2003 ж. Республикалық
Республикасы ликасы Үкіметінің бюджеттік
Үкіметінің шешімдерімен бағдарлама.
табиғи анықталады лардың
және әкімшілері,
техногендік жергілікті
сипаттағы атқарушы
төтенше органдар,
жағдайларды облыстардың,
жоюға және Астана және
өзге де Алматы қала.
күтпеген ларының <*>
шығыстарға
арналған
резерві

----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстарды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
271-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**047 "Бюджетке қолма-қол ақша қабылдауды қамтамасыз ету**
**жөніндегі қызметтерге ақы төлеу"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 60 000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 мамырдағы N 626 қаулысы , "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан

Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 362-II Заңы , "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-II ҚРЗ Кодексінің 5-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдардың (бұдан әрі - Агенттер) жеке тұлғалардан және мемлекеттік органдардың өкілдерінен қабылдаған қолма-қол ақшаны салық және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерге уақытылы және толық есептеуі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Агенттердің жеке тұлғалардан және мемлекеттік органдардың өкілдерінен жұмыс күні ішінде қолма-қол ақшаны қабылдауды жүзеге асыруы; жеке тұлғалардан және мемлекеттік органдардың өкілдерінен қабылданған қолма-қол ақшаны қолма-қол ақшаның транзиттік шотына ( 908) күн сайын есептеу; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны мемлекеттік бюджеттің кірісіне уақытылы аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !

-------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1 047 Бюджетке Агенттердің жеке Бір Қазақстан

қолма-қол ақша тұлғалардан және жылдың Республика.

қабылдауды мемлекеттік орган. ішінде сының Қаржы

қамтамасыз ету дардың өкілдерінен министрлігі

жөніндегі қабылдаған қолма-

қызметтерге қол ақшаны салық

ақы төлеу және Қазақстан

Республикасының

бюджетіне төленетін

басқа да міндетті

төлемдерге уақытылы

және толық есептеуі.

-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: заңды тұлғалардан және мемлекеттік органдардың өкілдерінен қабылданған қолма-қол ақшаны мемлекеттік бюджеттің кірісіне толық және уақытылы аудару.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
272-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**052 "Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 146 618 мың теңге (жүз қырық алты миллион алты жүз он сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына сәйкес "Тұрғын үй құрылысбанкі" Жабық акционерлік қоғамы берген жеңілдікті тұрғын үй несиелерін алған азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 304 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жеңілдікті тұрғын үй кредиттерін алған азаматтар үшін теңге айырбас бағамының еркін құбылмалы режиміне өтудің әлеуметтік салдарының жұмсаруы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Президентінің " Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығына және "Жәрдем-жинақ шотын жүргізу және тұрғын үй шараларына кредит беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 850 қаулысына (бұдан әрі - Қарыз алушылар) сәйкес және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Банк Кредит Орталығы" жабық акционерлік қоғамы арасында 2002 жылғы 8 желтоқсанда қол қойылған Қарыз алушылар ортасын нақтылау мәселелері жөніндегі келісіммен анықталған ұзақ мерзімді жеңілдік кредиттерін алған азаматтармен негізгі қарыз бен сыйақының нақты төленген сомасын өтеуге аударылған бағамдық айырманы төлеу; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Банк Кредит Орталығы" ашық акционерлік қоғамы арасында 2001 жылғы 30 наурызда жасалған Шарт талаптарының орындалуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар
!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!
!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !
----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
----------------------------------------------------------------
1 052 Жеңілдікті 2002 жыл үшін 2003 Қазақстан
тұрғын үй "Тұрғынүй жылдың Республика.
кредиттері құрылысбанкі" І сының Қаржы
бойынша жабық акционерлік тоқсаны министрлігі
бағамдық қоғамымен берілген
айырманы төлеу жеңілдікті кредит.
тер бойынша
бағамдық айырманы
төлеу
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: негізгі қарыз бен сыйақының қарыз алушылармен нақты төленген сомасын өтеуге аударылған бағамдық айырманы төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
273-қосымша

ЕСКЕРТУ. 273-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**053 "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкісінің жарғылық капиталына қатысу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1 500 000 мың теңге (бір миллиард бес жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңы , "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 362-II Заңы , "Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру

және ипотекалық несие беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 тамыздағы N 1290 қаулысы , "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 364 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамын құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты

|ламаның|бағ. |малардың | бағдарламаны) |асыру |орындаушылар

| коды |дар. | (кіші | іске асыру жөніндегі|мерзі.|

| |лама.|бағдарла.| іс-шаралар | мі |

| |ның |малардың)| | |

| |коды | атауы | | |

-----------------------------------------------------------------

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

-----------------------------------------------------------------

1 053 Тұрғын үй Заңнамада белгіленген Бір Қазақстан

құрылыс тәртіппен "Қазақстан. жылдың Республика.

жинақ ның тұрғын үй құрылыс ішінде сының Қаржы

банкісінің жинақ банкі" акционер. министрлігі

жарғылық лік қоғамы құрылғаннан

капиталына кейін оның жарғылық

қатысу капиталын қалыптастыру.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

274-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**064 "Министрліктер үйі" ғимаратын ұстау"**

**республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**2003 арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 149 528 мың теңге (бір жүз қырық тоғыз миллион бес жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 362-II Заңы , "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Министрліктер үйі" ғимаратына (бұдан әрі - Ғимарат) шаруашылық қызмет көрсету; Ғимараттың технологиялық жабдықтарының іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ғимараттың техникалық жабдықтарын қолдау және техникалық қызмет көрсету, Ғимаратты қорғау, оған техникалық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар

!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 064 "Министрліктер 1) Электр техника. Біл Қазақстан

үйі" ғимаратын лық жабдықтарды, жылдың Республика.

ұстау инженерлік желілер ішінде сының Қаржы

мен коммуникация. министрлігі

ларды, желдеткіштің

сору-шығару жүйесін,

өрт қауіпсіздігін,

өрт дабылы мен

түтінді жоюды,

сыртқы және ішкі

желілері бар

автоматты телефон

станциясын қолдау,

техникалық қызмет

көрсету және
жөндеу; сыртқы
инженерлік желілерге
қызмет көрсету;
суық-жылумен
жабдықтау, ыстық
және суық сумен
жабдықтау жүйесінің,
лифтілер жұмысының
профилактикалық
жұмыстарын жүргізу;
2) Ғимаратты күзету;
3) ішкі үй-жайлар
мен қасбетті,
сондай-ақ оған
жапсарлас аумақты
таза қалпында ұстау,
Ғимаратты санитариялық
тазарту, аумақтан
қоқыс пен қарды
әкету және Ғимараттың
қалыпты жұмыс істеуін
қамтамасыз ету үшін
қажетті басқа да
жұмыстар; 4) Ғимаратты
ағымдағы жөндеу;
5) жалпы алаңы
27 031,0 ш.м.
Ғимаратқа шаруашылық
қызмет көрсетуді
қамтамасыз ету.

-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Министрліктер үйі" ғимаратының бүкіл технологиялық жабдықтарының іркіліссіз және апатсыз жұмыс істеуі; мемлекеттік қызметшілер үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

275-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның атауы

**065 "Министрліктер үйі" ғимаратын сақтандыру**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12 534 мың теңге (он екі миллион бес жүз отыз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, сақтандыру жағдайлары туындаған кезде шығындарды қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи апаттар, өрт, жарылулар және басқа да қауіпті жағдайларда "Министрліктер үйі" ғимаратын сақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның !Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!(кіші бағдар. !бағдарламаны) іске!асыру !атқарушылар

!лама!коды!ламаның) атауы! асыру жөніндегі !мерзі.!

!коды! ! ! іс-шаралар !мдері !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 065 "Министрліктер 1. "Министрліктер Бір Қазақстан

үйі" ғимаратын үйі" ғимаратын жылдың Республика.

сақтандыру сақтандыруға шарт ішінде сының Қаржы

жасасу. "Сақтандыру министрлігі

қызметі туралы"

Қазақстан Респуб.

ликасының 2000

жылғы 18 желтоқсан.

дағы Заңының

негізінде шарт

жасасуға сәйкес

және сақтандыру

агенттіктері

ұсынған сақтандыру

шарттарына сәйкес
сақтандыру жарнасын
төлеу.
-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Министрліктер үйі" ғимаратын сенімді сақтандыру қорғанысы, сондай-ақ сақтандыру жағдайлары басталған кезде уақытылы сақтандыру төлемдері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
276-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**066 "Республикалық бюджеттен ұлттық қорға берілетін ресми трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12 496 732 мың теңге (он екі миллиард төрт жүз тоқсан алты миллион жеті жүз отыз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығымен бекітілген ереженің 7-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына , Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 9-бабының 1-тармағына сәйкес.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекет жинағының қалыптасуы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ функциясының орындалуы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарламалар.!Бағдарламаны (кіші!Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!дың (кіші бағ.!бағдарламаны) іске!асыру !орындаушылар
!лама!коды!дарламалардың)! асыру жөніндегі !мерзі.!
!коды! ! атауы ! іс-шаралар !мі !
-------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------

1 066 Республикалық Ұлттық қорға 2003 Қазақстан
бюджеттен республикалық жылдың Республика.
Ұлттық қорға бюджеттен ақша ішінде сының Қаржы
берілетін қаражатының министрлігі
ресми бөлінуі
трансферттер
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Республикалық бюджеттен алынатын ресми трансферттер есебінен Ұлттық қордың жинақтаушы функцияларының орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
277-қосымша
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**069 "Инвестициялық жобалар аудитін жүзеге асыру"**
**республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**2003 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 27 370 мың теңге (жиырма жеті миллион үш жүз жетпіс мың теңге).

